

Педагогтерге біліктілік
санаттарын беру (растау)
қағидаларына
2-қосымша
нысан

Біліктілік санатын беру (растау) үшін техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымы педагогінің портфолиосын бағалау өлшемшарттары

Бағалау өлшемшарттары	Біліктілік санаты			
	Педагог-модератор	Педагог-сарапшы	Педагог-зерттеуші	Педагог-шебер
Білім алушылардың білім сапасы 1	Білім сапасының өсу динамикасы - 3%	Білім сапасының өсу динамикасы - 7%	Білім сапасының өсу динамикасы - 10%	Білім сапасының өсу динамикасы - 15%
Біліктілікті арттыру курстарынан өту (онлайн-курстарды және қашықтықтан оқытуды есептемегенде)	Жалпы сағат көлемі 72 сағаттан кем емес	Жалпы сағат көлемі 144 сағаттан кем емес	Жалпы сағат көлемі 216 сағаттан кем емес	Жалпы сағат көлемі 288 сағаттан кем емес
Оқытудың инновациялық білім беру технологияларын енгізу	Педагог қолданатын оқыту технологиялары көрсетілген әдіскердің пікірі (біреуден кем емес)	Педагог пайдаланатын оқыту технологияларын көрсеті отырып, ТжКБ ұйымы басшысы орынбасарының пікірі (біреуден кем емес)	Педагог пайдаланатын оқыту технологиялары көрсетілген ТжКБ ұйымы басшысының пікірі (екуден кем емес)	Педагог пайдаланатын оқыту технологиялары көрсетілген ТжКБ ұйымы басшысының пікірі (үшеуден кем емес)
Оқыту сапасы	Білім беру ұйымы өкілдерінің ұсынымдары бар	Білім беру ұйымы өкілдерінің ұсынымдары бар	Білім беруді басқару органдары өкілдерінің ұсынымдары бар	Білім беруді басқару органдары өкілдерінің ұсынымдары бар

	сабақтарды бақылау парақтары (2-ден кем емес)	сабақтарды бақылау парақтары (3-ден кем емес)	(облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана) (3-тен кем емес)	бақылау парақтары (облыс/республикалық маңызы бар қалалар және астана) (3-тен кем емес)
Білім алушылардың жетістіктері	Білім беру ұйымының деңгейі	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық/халықаралық деңгей
Педагогикалық тәжірибені жалпылау 2	Білім беру ұйымының деңгейі	Аудан/қала деңгейі	Облыстың/республикалық маңызы бар қалалардың және астананың деңгейі	Республикалық деңгей (өз авторлық идеясын іске асыру негізінде)
Педагогтің кәсіби жетістіктері	Кәсіби конкурстарға, олимпиадаларға және өзге де іс-шараларға қатысу			

1 Егер білім сапасы кемінде 70% құраса, бұл өлшемшарт міндетті емес;

2 Тиісті деңгейдегі деректер банкiне тәжірибе енгізу туралы құжат, конференцияларда, симпозиумдарда сөз сөйлеу (іс-шара бағдарламасы және іс-шара жинағында жарияланған сөз сөйлеу мәтiнi қоса берiледi), әдiстемелiк материалдарды әзiрлеу, семинарлар, мастер-кластар өткізу

Ескерту: бiлiктiлiк санатын беру (растау) үшiн педагогтiң портфолиосын бағалаудың барлық өлшемшарттары санат беру (растау) рәсiмдерi арасындағы кезең iшiнде ұсынылады, мiндеттi болып табылады.